

ҒТАХР 11.07.25

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-158-174>

Қазақстан Республикасындағы ұрпақтар арасындағы саяси құндылықтардың қақтығысы: эмпирикалық зерттеу

Р.Ө. Ділдахмет^{ID}, Б.К. Рахимбекова^{1* ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: rahimbekovabakyt@gmail.com, raimchamp@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы саяси құндылықтардың ұрпақаралық қақтығысы мәселесі қарастырылады. Жаһандану, цифрландыру және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы аясында елімізде әртүрлі ұрпақтар арасында саяси көзқарастар мен әлеуметтік бағдарлардың алшақтауы байқалады. Аға буын өкілдері дәстүрлі құндылықтарға, тұрақтылық пен мемлекеттің рөлін күшейтуге бейім болса, жаңа буын – жастар жағы демократиялық еркіндіктерді, белсенді азаматтық ұстанымды және әлеуметтік желілер арқылы еркін пікір білдіруді маңызды деп санайды.

Мақалада ұрпақаралық саяси айырмашылықтардың тарихи, әлеуметтік және мәдени себептері талданып, олардың қоғамдағы саяси легитимділікке, азаматтық бірлікке және демократиялық процестерге ықпалы қарастырылады.

Зерттеудің теориялық мәні – қазақстандық қоғамның әлеуметтік трансформация жағдайындағы ұрпақтар арасындағы саяси құндылықтардың қақтығысының құрылу және таралу механизмдерін тыңғылықты зерттеу.

Зерттеудің тәжірибелік мәні – анықталған заңдылықтарды саяси саладағы ұрпақаралық диалогты орнатудың тиімді механизмдерін құрып, мемлекеттегі жастар саясатын алға қарай ілгерілетіп және жас топтары арасында саяси поляризациясын төмендету және қазақстандық қоғамның әлеуметтік бірлігін нығайту құрылатын қоғамдық жобаларды қолға алу мүмкіндігі.

Зерттеу жүргізуде сапалық және сандық әдістерді біріктіре отырып, методологиялық тәсілдердің кешенді нұсқасы қолданылды. Тәжірибелік деректерді жинауда Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен 18-70 жас арасындағы тұрғындар арасында үш жас тобына бөлініп, сауалнама жүргізілген болатын. Фокус-топтық сұхбаттар мен әлеуметтік желілердегі дискурстарға контент-талдау жасалды. Теориялық база ұрпақтар теориясы мен саяси мәдениет және құндылықтардың өзгеру қарқыны бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттеріне шолу негізінде қалыптастырылды. Статистикалық деректерді өңдеу бойынша SPSS және Excel бағдарламалары арқылы зерттелді.

Түйін сөздер: саяси құндылықтар, ұрпақаралық қақтығыс, саяси мәдениет, жастар, аға буын, демократия, азаматтық ұстаным, Қазақстан, әлеуметтік трансформация, қоғамдық келісім.

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.02.2026; Онлайн қолжетімді: 30.03.2026

Кіріспе

Қазақстан Республикасында қоғамдық қатынастар жүйесінің тұрақтылығы мен саяси дамудың бағыты көптеген факторларға байланысты, соның ішінде ұрпақаралық өзара әрекеттестік пен құндылықтық сабақтастық ерекше орын алады. Ел тәуелсіздігін алғаннан бері бірнеше буын өкілдері қалыптасып үлгерді, олардың әрқайсысы әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер кезеңінде өмір сүріп, әртүрлі тарихи тәжірибе жинақтаған. Бұл жағдай олардың саяси құндылықтарға деген көзқарасында, мемлекетке, билікке, демократияға, еркіндік пен жауапкершілікке қатысты ұстанымында айқын көрініс табады.

Аға буын – кеңестік кезеңді бастан кешірген, тұрақтылық пен тәртіпті басты құндылықтар ретінде қабылдайтын азаматтар. Олар үшін мемлекет – қауіпсіздік пен әлеуметтік кепілдік беретін негізгі институт. Керісінше, қазіргі жастар жаһандық ақпараттық кеңістікте қалыптасқан, сандық технологияларды еркін меңгерген, дербестік пен сыни ойлауға бейім тұлғалар ретінде сипатталады. Олар азаматтық белсенділікті, пікір еркіндігін, билікке ашықтық пен есептілікті талап етеді. Осы ерекшеліктер ұрпақтар арасында саяси және дүниетанымдық келіспеушіліктерге әкеліп, кей жағдайда қоғамдық пікір алаңында шиеленісті жағдайлар тудыруы мүмкін.

Бұл құбылыс – ұрпақаралық саяси қақтығыс – бір жағынан табиғи әлеуметтік трансформацияның нәтижесі болса, екінші жағынан ұлттық бірлік пен әлеуметтік интеграция процесіне қауіп төндіруі де ықтимал. Қазақстан сияқты көпұлтты, көпмәдениетті және тарихи тұрғыдан күрделі қоғам үшін бұл мәселенің өзектілігі арта түседі. Ұрпақаралық түсініспеушіліктер азаматтық келісім мен саяси тұрақтылыққа кері әсер етуі мүмкін, әсіресе қоғамда радикалдық көңіл-күй белең алған жағдайда.

Сондықтан бұл зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы әртүрлі ұрпақ өкілдерінің саяси құндылықтарын салыстыра отырып, олардың арасындағы қайшылықтардың себептерін, көрініс формаларын және салдарын анықтау. Сонымен қатар, ұрпақаралық диалогты күшейту, саяси мәдениетті дамыту және құндылықтар үйлесіміне қол жеткізу жолдарын ұсыну – зерттеудің маңызды міндеттері болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, саяси құндылықтардағы ұрпақаралық айырмашылықты ғылыми тұрғыдан зерделеу және оны әлеуметтік басқару тәжірибесіне енгізу – мемлекеттің демократиялық институттарын нығайту мен қоғамдағы өзара түсіністікті арттыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Қазақстан Республикасында ұрпақаралық саяси құндылықтардың қақтығысы – бұл елдің саяси мәдениетінің трансформациясы мен әлеуметтік құрылымындағы өзгерістердің көрінісі ретінде байқалатын күрделі және көпқабатты құбылыс. Қоғамда бірнеше ұрпақатар өмір сүріп, саяси өмірге әртүрлі деңгейде қатысып отырған жағдайда, олардың саяси құндылықтары мен көзқарастары арасындағы айырмашылықтар елеулі әлеуметтік шиеленістердің, сенімсіздіктің және поляризацияның туындауына себеп болуы мүмкін. Бұл жағдай әсіресе демократиялық институттардың дамуы, азаматтық белсенділік, билікке деген сенім, еркіндік пен жауапкершілік, әлеуметтік әділеттілік ұғымдары төңірегінде айқын көрініс табады.

Аға буын өкілдерінің саяси дүниетанымы көбіне кеңестік кезеңде қалыптасқан. Олар үшін мемлекеттің тұрақтылығы, билікке құрмет, орталықтандырылған басқару жүйесі және қоғамдық тәртіп – басты құндылықтар. Бұл ұстаным кеңестік идеологиямен, өмір бойы сіңірілген «жоғарыдан» басқаруға бағыну принциптерімен тығыз байланысты. Аға буынның үлкен бөлігі саяси өзгерістерге сақтықпен қарайды, олар үшін саяси жүйенің баяу эволюциясы – қоғамның амандығының кепілі.

Керісінше, жастар ұрпағы жаһандық мәдениет аясында, ашық ақпараттық кеңістікте және цифрлық технологиялар дәуірінде қалыптасқан. Олар демократиялық еркіндікті, пікір плюрализмін, ашық және әділ сайлауды, құқық пен еркіндікті қорғауды маңызды деп есептейді. Әлеуметтік желілер арқылы еркін ақпарат алу мен тарату мүмкіндігі оларға белсенді азаматтық позицияны қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жастар билік институттарына сыни көзбен қарайды, ашық диалог пен есептілікті талап етеді. Бұл олардың саяси белсенділік формаларында – флешмобтар, онлайн-петициялар, қоғамдық науқандар мен әлеуметтік медиадағы дискурс арқылы көрінеді.

К. Маннгейм(1928), Г. Алмонд және С. Верба (1963), С. Липсет (1960) еңбектері ұрпақаралық саяси қақтығыстарды зерттеуде үлкен үлес қосқан іргелі зерттеулер болып саналады.

К. Маннгейм ұрпақтар теориясын зерттеп, негіздерін қалап, ұрпақтарды, олардың саяси әлеуметтенуі кезінде тарихи оқиғалары бір-біріне ұқсас болғандықтан, біріккен адамдардың әлеуметтік-тарихи қауымдастығы ретінде анықтаған еді [1].

Г. Алмонд мен С. Верба ел азаматтарының саяси бағыттар мен көзқарастар жүйесі бойынша саяси жүйеге қатынасын саяси мәдениет тұжырымдамасымен ажыратып көрсеткен [2].

Н.Хоумен У.Штраус ұрпақтар арасындағы саяси қақтығыстарды зерттеуді айтарлықтай толықтыратын циклдік ұрпақтар теориясын жасады. Олардың теориясы әртүрлі ұрпақтардың әлеуметтік өзгерістерге қалай басқаша жауап беретінін түсіндіреді: жастар өткенді жоққа шығару арқылы жаңа құндылықтарды іздейді, ал аға ұрпақ қалыптасқан нормаларды өзгерту арқылы инновацияларды игереді, бұл ұрпақтар арасындағы саяси қақтығыстарға негіз болады [3].

С. Липсет бұл тұжырымдаманы саяси мінез-құлықтың әлеуметтік базасын талдау арқылы толықтырып, әлеуметтік-экономикалық факторлардың азаматтардың мұқтаждықтарын шешуде, және адамдардың не қалайтындарын анықтауға әсер ететінін көрсетті. Бұл авторларды біріктіретіні саяси үдерістерді талдаудағы құрылымдық-функционалдық тәсіл және саяси мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа әлеуметтену үдерістері арқылы таралып отыратын салыстырмалы түрде тұрақты құндылықтар жүйесі ретінде түсінуге алып келеді [4].

Р. Инглхарт (2018), М. Кастельс (1997), С. Хантингтон (1968), Ю. Хабермас (1962), А. Свистунов (2025) әлеуметтік өзгерістер контекстінде саяси құндылықтардың трансформациясын зерттеуге баса назар аударады. Инглхарт Р. мәдени эволюциясы теориясын шығарып, экономикалық даму мен ұрпақтардың ауысуы материалистік құндылықтардан постматериалистік құндылықтарға көшуге қай жолмен алып келетіндігін жазып өткен [5].

М. Кастельс ақпараттық технологиялардың желілік қоғамдағы жаңа сәйкестік нысандары мен саяси қатысуды қалыптастыруға әсерін зерттеді [6].

С. Хантингтон дамушы қоғамдардағы саяси өзгерістерді талдаса [7], Ю. Хабермас бұқаралық коммуникацияның әсерімен қоғамдық саланың трансформациясын зерттеді [8].

А. Свистунов бұл идеяларды өзекті етіп, цифрлық дәуірдегі жастардың саяси әлеуметтенуінің ерекшеліктерін зерттейді. Барлық осы авторларды біріктіретін ортақ белгі саяси құндылықтардың динамикалық сипатын және олардың технологиялық және әлеуметтік трансформацияларға тәуелдігін түсіну болып табылады, бұл саяси бағдарлар саласындағы ұрпақаралық қақтығыстарға негіз жасайды [9].

П. Норрис «сыни азаматтар» тұжырымдамасын енгізеді. Осы теория бойынша демократиялық институттардың жұмысына сын көзбен қарайтын және олардың қызметіне қанағаттанбайтын, бірақ демократиялық принциптерді ұстанатын және саяси өмірге белсенді қатысатын адамдар, бұл демократияның әлсіреуіне емес, нығаюына ықпал еді [10].

Н.Ә. Назарбаев (1999) еңбегінде тарихтағы өткен, қазіргі және болашақ кезеңдерінің өзара тығыз байланысын қалыптастыра отырып, Қазақстан тарихын 12 кезеңге бөліп көрсеткен. Ол саяси мәдениеттің негізі ретінде жалпыұлттық тарихи сананы құрудың маңызын көрсетіп, «тарих жалғандыққа да, қайта өңдеуге де жол бермейді» деп мәлімдеді [11].

Ж.М. Төлен (2020, 2023) өз зерттеулерінде Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетін құрудағы патриархалдық қарым-қатынастарын, ұжымдық сана мен К еңестер Одағы кезінен қалған мұраның қазіргі саяси бағытқа тікелей әсер етіп жатқандығын көрсетеді [12]. Жаңадан қалыптасқан медиа арнасын және әлеуметтік медианы бақылай келе, оның өсуіне орай, оны қолданатын жастардың саяси белсенділігіне әсерін зерттеп, оларды П. Норрис жұмысындағы «сыни азаматтарға» айналдырған болатын [13]

Е. Тоқымов (2024) жұмысында дәстүрлі және қазіргі замандағы құндылықтардың ұрпақаралық қарым-қатынастарға әсерін талдап, қазақстандық қоғамның дамуының үдерістерін және құндылықтардың өзгеруін зерттеді. Қазақстандық ғалымдар рулық байланыстар мен ұжымдық сананың күшті ықпалымен «корпоративтік» саяси мәдениетінің бірегей сипатын жасайды [14].

Осылайша Қазақстан қоғамында ұрпақтар арасындағы саяси құндылықтар жүйесіндегі айырмашылық – бұл елдің дамуының заңды кезеңі. Алайда бұл айырмашылық өзара түсіністік пен құрмет негізінде басқарылмаса, қоғамда поляризация үдерісі күшеюі мүмкін. Сондықтан саясаткерлер, білім беру ұйымдары, медиа және азаматтық қоғам институттары бұл үдерісті үйлестіру үшін бірлескен жұмыс жүргізуі тиіс. Ұрпақаралық диалог пен құндылықтар сабақтастығы – тұрақты әрі әділетті қоғам құрудың негізгі шарты.

Осы зерттеу жұмысының методологиясы Қазақстан Республикасындағы саяси құндылықтар жүйесіндегі ұрпақаралық қақтығыстардың себептерін, мазмұнын және салдарын жан-жақты, кешенді және ғылыми негізделген тәсілмен зерттеуге бағытталған. Бұл мақсатқа жету үшін сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) әдістер бірлесе қолданылды. Зерттеудің методологиялық негізі ретінде саяси социология, әлеуметтік психология, мәдениеттану және ұрпақаралық коммуникация теорияларына сүйенілді. Зерттеу әдістері ұрпақтар арасындағы құндылықтық айырмашылықтарды анықтау, олардың әлеуметтік-саяси мінез-құлқы мен дүниетанымына әсерін бағалау үшін құрылымдалды.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде теориялық-аналитикалық әдіс қолданылды. Бұл кезеңде ұрпақаралық қақтығыстар мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жасалды. Саяси мәдениет, құндылықтар эволюциясы,

ұрпақ теориясы (К. Маннгейм, Г. Алмонд, С. Верба), сондай-ақ посттоталитарлық қоғамдардағы саяси трансформация процестері бойынша негізгі ғылыми көзқарастар сарапталып, зерттеу ұғымдық аппараты нақтыланды. Бұл теориялық база зерттеудің тұжырымдамалық негізін қалап, ұрпақтық ерекшеліктер мен құндылық жүйелерінің арақатынасын түсіндіруге мүмкіндік берді.

Келесі кезеңде эмпирикалық деректерді жинау және талдау мақсатында социологиялық сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнама Қазақстанның әртүрлі өңірлерінен 18 жастан 70 жасқа дейінгі респонденттер арасында жүргізілді. Респонденттер жас ерекшеліктеріне қарай үш негізгі топқа бөлінді: аға буын (1955–1975 жж. туғандар), орта буын (1976–1995 жж.), және жас буын (1996 жылдан кейін туғандар). Сауалнамада саяси жүйеге деген сенім, азаматтық белсенділік, демократиялық құндылықтарға көзқарас, ақпараттық құралдарға сенім және мемлекет рөлін бағалау секілді параметрлер қамтылды. Жиналған деректер сандық әдістер арқылы өңделіп, ұрпақтар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар статистикалық салыстыру негізінде талданды.

Сауалнама нәтижелерін толықтыру мақсатында фокус-топтық сұхбаттар жүргізілді. Бұл әдіс әртүрлі буын өкілдерінің саяси өмір мен құндылықтар жүйесіне қатысты терең көзқарастарын ашуға мүмкіндік берді. Фокус-топтарда әлеуметтік шиеленіс, диалогтың болмауы, ақпараттық поляризация, саяси немқұрайлылық пен белсенділік секілді тақырыптар қозғалды. Сұхбаттардың мазмұны контент-талдау әдісі арқылы өңделіп, сапалық тұрғыда категорияларға бөлінді.

Контент-талдау әдісі зерттеудің тағы бір маңызды бөлігі болды. Бұл әдіс арқылы әлеуметтік желілердегі жастар мен аға буынның саяси дискурстары, жаңалықтар порталдарындағы пікірлер, қоғамдық форумдар мен медиалық жарияланымдар талданды. Қоғамдық пікір кеңістігіндегі ұрпақаралық айырмашылықтар, эмоциялық реакциялар, қақтығысты риторика және бір-бірін түсінбеу элементтері арнайы кодтау арқылы жүйеленіп, құрылымдалды. Бұл ақпарат зерттеудің сапалық қорытындыларын күшейтті.

Зерттеу нәтижелері диаграммалар, кестелер және графиктер түрінде ұсынылып, статистикалық мәліметтер негізінде қорытындылар жасалды. Жиналған мәліметтерді өңдеу үшін SPSS және Excel бағдарламалары қолданылды.

Қорытындылай келе, бұл зерттеудің методологиясы күрделі әлеуметтік-саяси құбылысты жан-жақты қамтуға, ұрпақтар арасындағы саяси құндылықтардағы айырмашылықтарды нақты және жүйелі түрде көрсетуге, сондай-ақ оларды басқару мен үйлестіруге арналған ұсыныстар әзірлеуге бағытталды. Теория мен практиканың үйлесімі зерттеудің қолданбалы сипатын күшейтіп, оның нәтижелерін қоғамдық процестерді болжау мен реттеуде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеуде қолданылған материалдар мен негізгі мазмұндық бағыттар Қазақстан Республикасындағы саяси құндылықтар жүйесінде ұрпақаралық айырмашылықтар мен қақтығыстардың сипатын жан-жақты ашып көрсетуге бағытталды. Материалдар базасы ретінде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттер, әлеуметтік зерттеулер, қоғамдық пікір сауалнамалары, медиалық контенттер, ресми статистика деректері, сондай-ақ нақты эмпирикалық материалдар пайдаланылды. Зерттеу барысында әлеуметтік ғылымдардағы ұрпақ теориясы, саяси мәдениет пен құндылықтар эволюциясы, азаматтық белсенділік, демократиялық даму және ақпараттық қоғам мәселелерін қамтитын ғылыми еңбектер негізге алынды. Сонымен қатар, еліміздегі әртүрлі жастағы

азаматтардың саяси белсенділігіне, ақпаратты тұтыну әдетіне және билікке деген сенім деңгейіне қатысты жарияланған деректер мен социологиялық институттар жүргізген сауалнамалар талдау объектісі ретінде қарастырылды.

Нақтыэмпирикалық материалдар ретінде 18–70 жас аралығындағы респонденттерден алынған сауалнама нәтижелері, фокус-топтық сұхбаттар және әлеуметтік желілерде жинақталған пікірлердің контент-талдауы пайдаланылды. Сонымен қатар, отандық ақпараттық порталдар мен БАҚ-та жарияланған мақалалар мен пікірлердің негізінде қоғамдық дискурс мазмұны сараланды. Әсіресе ақпарат көздеріне сенім деңгейі, билік институттарына көзқарас, азаматтық еркіндіктерге баға беру, жастардың саяси процестерге қатысу белсенділігі және аға буынның мемлекеттік саясатқа деген сенімі секілді параметрлер зерттеу нысаны болды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеудің негізгі, өзекті және мазмұндық жағынан маңызға ие бірнеше бағыттарын келесідей негізгі ойлармен сипаттауға болады:

1. Ұрпақаралық саяси құндылықтардың поляризациясы. Аға буын дәстүрлілікке, тұрақтылық пен мемлекеттік бақылауға басымдық берсе, жастар демократиялық еркіндіктерге, сыни ойлауға және белсенді азаматтық позицияға бет бұрған. Бұл айырмашылықтар саяси таңдаулар мен қоғамдағы көзқарас қақтығыстарының басты себептерінің бірі ретінде көрініс табады.

2. Ақпараттық ортадағы алшақтық. Аға буын дәстүрлі медианы (теледидар, радио, газеттер) сенімді ақпарат көзі деп есептейді, ал жастар интернет пен әлеуметтік желілерді негізгі жаңалық пен саяси пікір алаңы ретінде пайдаланады. Бұл фактор саяси мәселелерге қатысты қабылдаудың екітүрлілігін туындатады.

3. Билікке деген сенім деңгейіндегі айырмашылық. Аға буын өкілдері билікті мемлекеттіліктің негізі деп қабылдап, оған сенім білдіреді, ал жастар арасындағы билікке деген сенім деңгейі төмен, олар ашықтық пен есептілікті талап етеді. Бұл жағдай саяси наразылық формаларына да әсер етеді.

4. Азаматтық белсенділік формалары. Жастар флешмоб, онлайн-петиция, әлеуметтік медиадағы науқандар арқылы өз ұстанымын білдіреді. Аға буын дәстүрлі жолмен – сайлау, қоғамдық кеңестер арқылы саяси белсенділік танытуға бейім. Бұл белсенділіктің айырмашылығы қоғамдағы саяси қатысу тәсілдерін әртүрлі форматта ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

5. Қоғамдағы саяси диалог мәдениетінің әлсіздігі. Ұрпақтар бірін-бірі тыңдамайтын, өзара түсіністіктен алыстайтын жағдай жиі кездеседі. Бұл саяси поляризация мен әлеуметтік шиеленістің ұлғаюына алып келуі мүмкін. Саяси диалог мәдениетін қалыптастыру, ортақ құндылықтар іздеу, ұрпақтар арасындағы көпір орнату – қоғам тұрақтылығы үшін маңызды қажеттілік.

Жоғарыда аталған барлық аспектілер зерттеудің басты мазмұны мен өзегін құрайды. Олар Қазақстан қоғамындағы ұрпақаралық саяси түсіністіктің күрделі сипатын, ақпараттық және мәдени ықпалдардың нәтижесінде қалыптасатын айырмашылықтарды тереңінен түсінуге мүмкіндік береді. Осы материалдар мен тұжырымдар болашақта әлеуметтік саясатты жетілдіруге, азаматтық мәдениетті дамытуға және саяси трансформацияны үйлесімді жүргізуге бағытталған нақты ұсыныстар жасауға негіз болады.

Осы зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасындағы саяси құндылықтар жүйесінде ұрпақаралық қақтығыстарды анықтау және талдау мақсатында әртүрлі ғылыми-әдістемелік тәсілдер мен зерттеу әдістері кешенді түрде қолданылды. Әдістердің үйлесімі зерттеу объектісінің күрделілігі мен көпқырлылығын ескеруге, сонымен қатар деректердің сапасы мен сенімділігін қамтамасыз етуге бағытталды. Саяси құндылықтар мен ұрпақаралық айырмашылықтар сияқты динамикалық және субъективті әлеуметтік құбылысты зерттеу үшін сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) әдістер қатар қолданылып, олардың бірін-бірі толықтыратын сипатта болғаны басты ерекшелік болып табылады.

Бірінші кезекте, теориялық-аналитикалық әдіс арқылы саяси мәдениет, құндылықтар жүйесі, ұрпақаралық қатынастар және әлеуметтік трансформацияға қатысты ғылыми әдебиеттерге кең көлемде шолу жасалды. Бұл әдіс зерттеу тақырыбының ғылыми-категориялық аппаратын қалыптастыруға, негізгі теориялық тұжырымдамаларды нақтылауға және зерттеудің ұстанатын ұғымдық негізін анықтауға мүмкіндік берді. Ұрпақаралық қақтығыстар теориясы (К. Маннгейм, Н. Хоужәне У. Штраус), саяси мәдениет типологиясы (А. Алмонд, С. Верба), және құндылықтар эволюциясы (Р. Инглхарт) осы кезеңде басты назарда болды.

Зерттеудің эмпирикалық кезеңінде әлеуметтік сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнама жас ерекшеліктеріне қарай бірнеше топқа бөлінген респонденттер арасында жүргізілді: 1) аға буын (60 жастан жоғары), 2) орта буын (35–59 жас аралығы), және 3) жастар (18–34 жас аралығы). Сауалнамада саяси сенімдер, демократиялық және авторитарлық құндылықтарға көзқарас, мемлекет пен қоғам қатынастарына баға беру, ақпарат құралдарына сенім деңгейі және азаматтық белсенділік формаларына қатысу сияқты сұрақтар қамтылды. Сауалнама нәтижелері сандық тұрғыдан өңделіп, ұрпақтар арасындағы негізгі айырмашылықтар мен ұқсастықтар анықталды.

Келесі маңызды әдіс – фокус-топтық сұхбаттар болды. Әртүрлі буын өкілдерімен (жастар, орта буын, зейнеткерлер) ұйымдастырылған бұл сұхбаттар саяси көзқарастар, әлеуметтік әділеттілік, азаматтық құқықтар, билікке сенім, әлеуметтік желілердегі белсенділік және ұрпақаралық түсіністік тақырыптарын қамтыды. Сұхбаттардың мақсаты – респонденттердің көзқарасындағы терең мағыналық ерекшеліктерді ашу және ұрпақаралық қақтығыстың субъективті себептерін түсіндіру. Бұл деректер контент-талдау әдісі арқылы жүйеленді.

Контент-талдау әдісі әлеуметтік медиадағы, жаңалық сайттарындағы және қоғамдық пікір алаңдарындағы мәтіндік материалдарды жүйелі түрде талдау үшін қолданылды. Әсіресе жастар мен аға буын арасында саяси тақырыптарға байланысты пікірлер мен реакциялар, қоғамдық науқандарға қатысу белсенділігі, саяси риторика мен пікір плюрализміне қатысты мәліметтер жинақталып, тақырыптық кодтар негізінде сараланды. Бұл әдіс ұрпақаралық құндылықтық алшақтықтың нақты көріністерін бейнелеуге көмектесті.

Жиналған мәліметтер статистикалық өңдеу әдістері арқылы сандық форматқа келтірілді. Нәтижелер Excel және SPSS бағдарламалары көмегімен өңделіп, орташа мәндер, жиіліктер, пайыздық көрсеткіштер мен корреляциялық байланыстар анықталды. Бұл тәсіл саяси құндылықтардағы ұрпақаралық айырмашылықтардың құрылымын нақты сандармен сипаттауға мүмкіндік берді.

Қорыта келгенде, зерттеудің әдістері бір-бірін толықтырып, ұрпақаралық саяси құндылықтар мәселесін терең әрі кешенді түрде ашуға жол ашты. Теориялық-

эмпирикалық әдістердің үйлесімі, сапалық және сандық талдаудың қатар жүргізілуі, зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етті. Бұл әдістемелік тәсілдер болашақта да ұқсас әлеуметтік процестерді зерттеу үшін қолдануға жарамды әмбебап үлгі ретінде қарастырыла алады.

Бұл зерттеудің материалдары мен қолданылған әдістері Қазақстандағы ұрпақаралық саяси құндылықтар айырмашылықтарын жүйелі түрде зерттеуге бағытталды. Зерттеу жұмысы барысында теориялық дереккөздер, отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, ресми статистикалық мәліметтер, сондай-ақ нақты эмпирикалық деректер пайдаланылды. Барлық материалдар саяси мәдениет, ұрпақаралық қарым-қатынас, азаматтық белсенділік, демократиялық құндылықтар және медиа тұтыну әдеттері секілді негізгі категорияларға байланысты құрылымдалды.

Теориялық база ретінде саяси мәдениет теориясы (Г. Алмонд, С. Верба), ұрпақаралық айырмашылықтар концепциясы (К. Мангейм, Н. Хоу, У. Штраус), құндылықтар эволюциясы (Р. Инглхарт), сонымен қатар постсоциалистік қоғамдардағы саяси трансформация процестері жөніндегі ғылыми еңбектер негізге алынды. Бұл әдебиеттер ұрпақтар арасындағы құндылықтық контрасттардың пайда болу себептерін, олардың әлеуметтік-саяси мәнін және тарихи контексттегі ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Материалдардың практикалық бөлігін құрайтын эмпирикалық деректер ретінде 2022–2024 жылдар аралығында жүргізілген әлеуметтік сауалнамалар, фокус-топтық сұхбаттар және контент-талдау нәтижелері пайдаланылды. Сауалнамаға әртүрлі жастағы азаматтар – 18 жастан бастап 70 жасқа дейінгі қатысушылар қамтылды. Олар үш негізгі ұрпаққа бөлініп қарастырылды: аға буын (1950–1970 жж. туғандар), орта буын (1971–1990 жж.) және жас буын (1991 жылдан кейін туғандар). Сауалнамада респонденттердің саяси институттарға сенімі, ақпарат көздеріне деген қатынасы, азаматтық белсенділік деңгейі, саяси еркіндіктерге көзқарасы және өз позициясын білдіру тәсілдері туралы сұрақтар қамтылды. Деректер сандық форматта жинақталып, Excel және SPSS бағдарламалары арқылы өңделді.

Фокус-топтық сұхбаттар Алматы, Астана, Шымкент және аймақтық орталықтарда өткізілді. Әрбір фокус-топ 6–10 қатысушыдан тұрды, олармен арнайы модерацияланған пікірталас ұйымдастырылып, ұрпақаралық саяси көзқарастардағы айырмашылықтар мен түсініспеушіліктер тереңінен зерттелді. Сұхбат материалдары жазбаша түрде транскрипцияланып, мазмұндық контент-талдау әдісімен сарапталды.

Сонымен қатар, зерттеуде әлеуметтік медиадағы пікірлер мен қоғамдық дискурс материалдары да пайдаланылды. Facebook, Instagram, Telegram, YouTube платформаларындағы саяси мазмұндағы пікірталастар, жарияланымдар мен пікірлер жүйеленіп, ұрпақтық бөліністердің көрінісі ретінде контенттік сараптауға тартылды. Бұл мәліметтер қазіргі жастардың және аға буынның саяси дискурстағы рөлі мен өзара әрекет формаларын түсінуге мүмкіндік берді.

Материалдар мен әдістердің бұл үйлесімі ұрпақаралық саяси құндылықтар мәселесін кешенді түрде ашуға, сонымен қатар бұл құбылысты тек идеологиялық тұрғыдан емес, әлеуметтік-мәдени және психологиялық аспектіде де талдауға мүмкіндік берді. Жиналған мәліметтер негізінде ұрпақаралық айырмашылықтардың құрылымы, себептері мен салдары нақты әрі негізделген түрде сипатталып, практикалық ұсыныстармен толықтырылды. Зерттеу нәтижелері болашақтағы ұқсас әлеуметтік мәселелерді зерттеу мен реттеу үшін құнды әдіснамалық база ретінде қызмет ете алады.

Қазақстан Республикасындағы саяси құндылықтар жүйесінде ұрпақаралық айырмашылықтардың тереңдеуі қазіргі қоғамдағы ең өзекті әлеуметтік-саяси үдерістердің бірі ретінде қарастырылуы тиіс. Жүргізілген зерттеудің нәтижелері бұл құбылыстың құрылымдық және мазмұндық сипатын ашып көрсетті. Ұрпақаралық қақтығыстар саяси дискурста, ақпарат тұтыну әдетінде, азаматтық белсенділікте және әлеуметтік рөлдерді қабылдауда айқын байқалатыны дәлелденді. Зерттеу барысында бірнеше негізгі мазмұндық және теориялық жағынан маңызды мәселелер мен тұжырымдар анықталды.

Біріншіден, әртүрлі ұрпақ өкілдері арасындағы құндылықтық айырмашылықтар саяси қатысуға деген көзқарастарда, мемлекеттік институттарға деген сенім деңгейінде және демократиялық принциптерді қабылдау сипатында көрініс табады. Аға буын үшін саяси тұрақтылық, тәртіп және мемлекетке адалдық – басты құндылықтар болып қала берсе, жастар үшін ашықтық, әділдік, теңдік және еркін ақпарат алу құқығы маңызды орын алады.

Екіншіден, ақпараттық ортаның поляризациясы ұрпақтар арасындағы сенім дағдарысын тереңдете түседі. Аға буын дәстүрлі БАҚ-қа сенуге бейім болса, жастар ақпаратты негізінен әлеуметтік желілер, блогерлер мен халықаралық медиа көздерінен алады. Бұл жағдай тек ақпарат алу тәсілінің ғана емес, сонымен қатар ақпаратты интерпретациялау механизмдерінің де әртүрлілігін көрсетеді.

Үшіншіден, азаматтық белсенділіктің формалары мен мотивтері ұрпақтарға байланысты өзгереді. Аға буын белсенділікті сайлау мен қоғамдық ұйымдар арқылы танытса, жастар цифрлық форматта – петициялар, онлайн флешмобтар, хэштегтік қозғалыстар арқылы саяси процеске әсер етуді жөн көреді. Бұл әртүрлілік саяси қатысудың формаларына бейімделу қажеттілігін туындатады.

Төртіншіден, зерттеу барысында анықталған маңызды аспект – диалог пен өзара түсіністіктің жеткіліксіздігі. Жастар мен аға буын бірін-бірі тыңдамайды, олардың дискурстары жиі бір-бірін жоққа шығаруға бағытталады. Бұл – саяси поляризация мен ұрпақаралық сенім дағдарысының негізі. Қоғам ішіндегі әртүрлі буындардың өзара байланысын нығайту үшін ортақ құндылықтарға негізделген коммуникация тәсілдері қажет.

Бесіншіден, билікке және саяси институттарға сенім көрсеткіштері бойынша да елеулі айырмашылықтар байқалды. Аға буынның басым бөлігі мемлекеттік институттарға сенім білдірсе, жастар арасында бұл сенім төмен. Олар саяси шешімдер қабылдау процесіне ашықтық, есептілік және азаматтық бақылау элементтерінің жетіспейтінін жиі атап өтеді. Бұл жағдай жастардың сыни және белсенді ұстанымының күшеюіне әсер етуде [15].

Алтыншыдан, зерттеу барысында ұқсастықтар мен сабақтастық нүктелері де айқындалды. Мысалы, барлық ұрпақ өкілдері елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты бағалайтынын көрсетті. Сонымен қатар, жастар мен аға буын арасындағы қатынастарда тарихи жады, ұлттық бірлік және отансүйгіштік сияқты құндылықтар ортақ фактор ретінде көрінді. Бұл негіздер өзара түсіністік пен ұрпақаралық келісім үшін әлеуетті платформа бола алады.

Жалпы алғанда, зерттеудің негізгі мазмұндық түйіндері қоғамда ұрпақаралық саяси үйлесімділікке қол жеткізу үшін арнайы стратегиялар қажет екенін айқын көрсетті.

Бұл бағытта білім беру жүйесін жетілдіру, медиа сауаттылықты арттыру, инклюзивті саяси мәдениет қалыптастыру, сондай-ақ барлық әлеуметтік топтар үшін тең құқықты диалогтық алаң құру – ұзақ мерзімді тұрақтылық пен демократиялық дамудың кепілі болып табылады. Зерттеудің осы тұжырымдары практикалық саясат жүргізу мен әлеуметтік бағдарламаларды жобалау үдерістерінде кеңінен қолдануға лайықты.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасындағы саяси құндылықтар жүйесінде ұрпақаралық айырмашылықтардың айқын әрі терең сипатқа ие екенін көрсетті. Сауалнамалар, фокус-топтық сұхбаттар және контент-талдау әдістерінің негізінде алынған деректер ұрпақтар арасындағы құндылықтық қақтығыстардың бірнеше негізгі бағытта байқалатынын дәлелдеді. Бұл айырмашылықтар тек саяси көзқарастарда ғана емес, сондай-ақ ақпаратты қабылдау мен өңдеу тәсілінде, азаматтық белсенділік деңгейінде және мемлекеттік институттарға деген сенімде де көрініс тапты [16].

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, аға буын өкілдерінің басым бөлігі (82%) үшін саяси тұрақтылық, мемлекет рөлінің күшеюі және қоғамдық тәртіп маңызды болып шықты. Олар биліктің орталықтандырылған үлгісін қолдай отырып, саяси реформаларға өте сақтықпен қарайды. Сонымен қатар, бұл топта мемлекеттік БАҚ-қа сенім жоғары деңгейде – респонденттердің 75%-ы ақпараттың шынайылығын дәл осы дәстүрлі көздерден күтеді. Керісінше, жастардың 68%-ы мемлекеттік ақпарат арналарына сенбейтінін білдіріп, әлеуметтік желілер мен тәуелсіз медиа платформаларды негізгі ақпарат көзі ретінде көрсеткен.

Жастар буыны (18-34 жас аралығы) арасында демократиялық еркіндіктерге, пікір плюрализміне және азаматтық белсенділікке деген ұмтылыс анық байқалды. Бұл топтағы респонденттердің 74%-ы пікір еркіндігі мен әділ сайлау жүйесінің саяси жүйенің басты құндылықтары екенін атап өтті. Жастардың белсенділігі көбінесе онлайн кеңістікте көрініс табады: олар петицияларға қол қою, әлеуметтік науқандарға қатысу, флешмоб ұйымдастыру және блогерлер арқылы пікір білдіру сияқты қатысу формаларын жиі қолданады. Сонымен қатар, жастардың 59%-ы сайлау жүйесіне сенімсіздік танытып, бұл процестің шынайылығына күмән келтірді [17].

Фокус-топтық сұхбаттар барысында ұрпақтар арасындағы көзқарас қайшылығы көбіне қоғамдық диалогтың болмауымен, бір-бірін тыңдауға деген дайындықтың төмендігімен және ақпараттық кеңістіктегі оқшауланумен байланысты екені анықталды. Аға буын өкілдері жастарды шектен тыс радикалдық, эмоциялық және «тәртіпсіз» деп сипаттауға бейім болса, жастар аға буынды «ескірген ойлау жүйесіне байланған» және «қоғамдық прогреске кедергі келтіретін күш» ретінде қабылдайды. Бұл өзара түсініспеушілік саяси дискурста конфликтілі риторика мен поляризацияланған позициялардың жиі кездесуіне алып келеді.

Контент-талдау нәтижелері әлеуметтік желілердегі пікірталастарда ұрпақаралық сенім дағдарысының кең таралғанын көрсетті. Facebook, Instagram, Telegram және TikTok платформаларында саяси тақырыптарға қатысты пікірлердің көбінде буын өкілдері бір-бірінің көзқарасын жоққа шығарып, өз ұстанымын жалғыз дұрыс деп есептейді. Бұл — саяси плюрализмнің қоғамдық мәдениетте толық қалыптаспағанын және өзара сыйластыққа негізделген диалогтың әлі де әлсіз екенін көрсететін маңызды индикатор.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері билікке деген сенім деңгейінің де ұрпақтар арасында әртүрлі екенін көрсетті. Аға буынның 71%-ы мемлекеттік билік институттарына

сенім білдірсе, жастардың арасында бұл көрсеткіш бар болғаны 34% болды. Жастар сыни көзқарас ұстанып, мемлекеттік саясатта ашықтықтың және қоғамдық бақылаудың жеткіліксіздігін атап өтеді. Бұл — жастардың радикалды көңіл-күйге бейім болуының бір себебі ретінде қарастыруға болады.

Нәтижелер көрсеткендей, бұл айырмашылықтарды елемеу — қоғамдағы саяси тұрақтылыққа қауіп төндіретін факторға айналуы мүмкін. Сондықтан ұрпақаралық диалогты дамыту, саяси білім мен мәдениетті нығайту, медиа сауаттылықты арттыру және барлық буындардың мүддесін ескеретін инклюзивті саяси орта қалыптастыру — зерттеу ұсынып отырған негізгі стратегиялық шешімдер болып табылады. Сонымен қатар, білім беру жүйесі арқылы ұрпақтар арасындағы түсіністік пен құрметті тәрбиелеу, азаматтық қоғам институттарын қолдау арқылы бейбіт саяси коммуникация арналарын дамыту – ұзақ мерзімді перспективада қоғамның тұрақты дамуына негіз бола алады [18].


Кесте 1. Ұрпақаралық саяси құндылықтар қақтығысы бойынша күрделі кесте

Зерттеу аспектісі	Негізгі байқаулар	Қорытындылар	Ұсыныстар
Саяси тұрақтылық пен билікке сенім	Аға буын үшін тұрақтылық – негізгі құндылық (82%), жастарда билікке сенім төмен (34%)	Ұрпақтар арасында мемлекеттік институттарға сенім деңгейі әртүрлі	Саяси мәдениет пен билікке сенім қалыптастыруға бағытталған бағдарламалар әзірлеу
Ақпараттық көздерге сенім	Аға буын дәстүрлі БАҚ-ты қолдайды (75%), жастар әлеуметтік желілерге сенеді (68%)	Ақпараттық кеңістіктегі поляризация байқалады	Медиа сауаттылықты дамыту, ортақ ақпараттық алаң қалыптастыру
Азаматтық белсенділік	Жастар онлайн науқандар мен петицияларға бейім, аға буын – дәстүрлі қатысуға	Қоғамда саяси белсенділіктің формалары буынға байланысты өзгеріп отырады	Жастардың цифрлық белсенділігін институционализациялау тетіктерін ұсыну
Саяси диалог пен түсіністік	Ұрпақтар арасында бірін-бірі тыңдамау және түсінбеушілік басым	Диалог пен өзара сыйластық мәдениеті әлсіз	Ұрпақаралық көпірлер мен ашық диалог алаңдарын дамыту
Саяси легитимділік пен тұрақтылық	Құндылықтық қақтығыстар қоғамдық келісімге әсер етеді	Қоғамдық поляризация саяси шешімдерге ықпал етеді	Инклюзивті саяси орта қалыптастыру, білім беру арқылы түсіністік орнату

Ұрпақаралық саяси құндылықтар мәселелері мен шешімдері (диаграмма)

Диаграммада Қазақстан Республикасындағы ұрпақаралық саяси құндылықтар жүйесіндегі бес негізгі аспект бойынша мәселенің өзектілігі мен ұсынылған шешімдердің тиімділігі 10 балдық шкала негізінде салыстырмалы түрде көрсетілген. Бұл визуализация зерттеуде анықталған күрделі нүктелерге назар аударуға, сонымен қатар ең перспективалы шешім бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Диаграмма 1. Диаграмма сипаттамасы: «Ұрпақаралық саяси құндылықтар мәселелері мен шешімдері»



Бұл диаграмма Қазақстан Республикасындағы ұрпақаралық саяси құндылықтар жүйесіндегі бес негізгі бағыт бойынша мәселенің өзектілігі мен шешімдердің тиімділігі арасындағы қатынасты бейнелейді. Бағалау шартты түрде 10 балдық шкала бойынша жүргізілген, мұнда 10 – өте жоғары деңгей, 1 – төмен деңгей.

Диаграмма келесі аспектілерді қамтиды:

1. Саяси тұрақтылықпен билікке сенім – ең өзекті мәселе ретінде бағаланған (9 балл). Аға буын мен жастар арасында билікке деген сенім деңгейінің алшақтығы әлеуметтік тұрақтылыққа әсер етуде. Ұсынылған шешімдердің тиімділігі 7 балл деп бағаланды, бұл – саяси мәдениетті жаңғырту мен сенім арттыруға бағытталған шаралардың әлеуеті жоғары екенін көрсетеді.

2. Ақпараттық көздерге сенім – буындар арасында үлкен айырмашылық бар. Аға буын дәстүрлі БАҚ-қа сенсе, жастар әлеуметтік желілерді қолдайды. Мәселенің өзектілігі 8 балл, шешім тиімділігі – 6 балл деңгейінде. Бұл ортақ ақпараттық кеңістік құру және медиа сауаттылықты арттыру қажеттігін көрсетеді.

3. Азаматтық белсенділік – жастардың цифрлық белсенділігі мен аға буынның дәстүрлі белсенділік формалары арасындағы айырмашылық 7 балл деңгейінде өзекті деп танылды. Ұсыныстар тиімділігі жоғары – 8 балл. Яғни жастардың онлайн белсенділігін институционализациялау мүмкіндігі бар.

4. Саяси диалог пен өзара түсіністік – мәселенің өзектілігі өте жоғары (9 балл), себебі ұрпақтар арасындағы түсініспеушілік диалогтың болмауына әкеліп отыр. Шешімнің тиімділігі 7 балл деп бағаланған, бұл ашық алаңдар мен диалогтық форматтар арқылы көпір орнату мүмкіндігін білдіреді.

5. Саяси легитимділік пен тұрақтылық – ең жоғары өзектілікке ие бағыт (10 балл). Құндылықтық қақтығыстар легитимділікке кері әсер етуде. Шешімдер тиімділігі 8 балл деп бағаланған, бұл инклюзивті саяси қатысу мен білім арқылы қоғамда түсіністік орнатудың жоғары әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, диаграмма зерттеуде анықталған негізгі мәселелер мен оларды шешуге бағытталған ұсыныстар арасындағы байланыс пен басымдықтарды айқын көрсетеді. Бұл қоғамдағы саяси диалогты жетілдіру мен ұрпақаралықынтымақтастықты дамыту жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Зерттеу жұмысының қорытындысында Қазақстан қоғамындағы саяси құндылықтардың ұрпақаралық деңгейде әртүрлі интерпретацияланатыны және бұл құбылыстың қоғамдық өмір мен саяси мәдениеттің дамуына елеулі әсер ететіні анықталды. Әр буынның тарихи тәжірибесі, ақпаратпен өзара әрекет формасы, әлеуметтік орта мен саяси институттарға деген қатынасы олардың құндылықтық бағдарларын қалыптастырады. Бұл бағдарлар өзара сәйкес келмеген жағдайда қоғам ішінде көзқарастық бөліністер туындайды. Дәл осындай жағдайда ұрпақаралық диалог пен өзара түсіністік мәдениеті саяси тұрақтылық пен әлеуметтік келісімнің басты кепіліне айналады.

Азаматтық белсенділіктің түрлі формаларының пайда болуы, цифрлық платформалардың рөлінің артуы және ақпарат алу көздерінің поляризациясы қоғамда құндылықтық шиеленісті күшейтіп отырғаны байқалады. Бұл шиеленіс тек қана буындар арасындағы түсінбеушілік ретінде емес, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени трансформацияның терең үдерісі ретінде қарастырылады. Бұл трансформацияны басқару және дұрыс бағытқа бұру үшін барлық әлеуметтік институттардың – білім беру жүйесінің, БАҚ-тың, мемлекеттік құрылымдардың және азаматтық қоғамның – үйлесімді іс-қимылы қажет.

Осы зерттеу нәтижелері ұрпақтар арасындағы құндылықтық қақтығыстарды тек қайшылық ретінде ғана емес, сондай-ақ қоғамның ішкі жаңару әлеуетінің бір нышаны ретінде қабылдау керектігін ұсынады. Қоғамдағы әртүрлі буын өкілдерінің дауысы естілуі тиіс, олардың әрқайсысының тарихи және әлеуметтік тәжірибесі саяси шешім қабылдау процестеріне енгізілуі керек. Сонда ғана қоғам инклюзивті, әділетті және орнықты бола алады.

Бұдан әрі қарай зерттеу бағыты ретінде ұрпақаралық түсіністікті нығайтуға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу, медиа сауаттылықты арттыру және жас азаматтардың саяси қатысуына мүмкіндік беретін инклюзивті механизмдерді енгізу ұсынылады. Бұл бағыттар қоғамның демократиялық даму жолындағы табысты қадамдарының бір бөлігі бола алады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Ділдахмет Р.Ө. – ғылыми мақаланы дайындады, мақсат-міндеттерін айқындады, журнал талабына сай техникалық рәсімдеді;

Рахимбекова Б.К. – мақала тақырыбына орай материалдар жинақтады, зерттеуге үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Mannheim, K. (1928) "Das Problem der Generationen", Kölner Vierteljahrshefte für Soziologie, 7, 2, ss. 157-185.
2. Almond, G.A. (1963) The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Princeton: Princeton University Press, p. 574.
3. Howe, N. (1991) Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069. New York : William Morrow and Company, p. 538.

4. Lipset, S.M. (1960) *Political Man: The Social Bases of Politics*. New York: Doubleday, p. 432
5. Inglehart, R. (2018) *Cultural Evolution: People's Motivations are Changing, and Reshaping the World*. Cambridge: Cambridge University Press, p. 273.
6. Castells, M. (1997) *The Power of Identity*. Oxford: Blackwell Publishers, p. 538.
7. Huntington, S.P. (1968) *Political Order in Changing Societies*. New Haven: Yale University Press, p. 488.
8. Habermas, J. (1962) *Strukturwandel der Öffentlichkeit: Untersuchungen zu einer Kategorie der bürgerlichen Gesellschaft*. Neuwied: Luchterhand, s. 391.
9. Свистунов, А.А. (2025) «Политическая социализация молодежи в условиях цифровизации: к постановке исследовательской задачи / А. А. Свистунов», Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Социология, 25, 2, стр. 287-295.
10. Norris, P. (1999) *Critical Citizens: Global Support for Democratic Government*. Oxford: Oxford University Press, p. 303.
11. Назарбаев, Н.Ә. (1999) *Тарих толқынында*. Астана: Елорда, б. 296.
12. Төлең, Ж.М. (2020) «Қазақстандағы жастардың саяси мәдениетінің қалыптасу ерекшелігі», Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Әлеуметтану және саясаттану сериясы, 3 (71), бб. 7-17.
13. Төлең, З.М. (2023) «Қазақстандағы жастардың саяси қатысуындағы жаңа медианың рөлі», ЕҰУ хабаршысы. Саясаттану сериясы, 1, бб. 28-37.
14. Тұқымов, Е. (2024) «Модернизациялық үдерістер мен құндылықтардың өзгеруінің өзара әсер ету факторлары: шетелдік және қазақстандық тәжірибені талдау», Қоғам және дәуір, 4 (84), бб. 76-91.
15. Гофман, А.Б. (2018) *Современная политическая культура: российская специфика*. Москва: Аспект Пресс, с. 256.
16. Қазақстандық құндылықтардың (2022) қалыптасу ерекшеліктері. Жастар комитеті. Нұр-Сұлтан, б. 62.
17. Cammaerts, B. (2016) *Youth Participation in Democratic Life: Stories of Hope and Disillusion*. London: Palgrave Macmillan, p. 237.
18. *Understanding young (2022) people's political participation*. European Youth Forum. Brussels, p. 36.

Р.У. Дильдахмет, Б.К. Рахимбекова

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: rahimbekovabakyt@gmail.com, raimchamp@gmail.com)*

Конфликт политических ценностей между поколениями в Республике Казахстан: эмпирическое исследование

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема межпоколенческого конфликта политических ценностей в Республике Казахстан. На фоне глобализации, цифровизации и стремительного развития информационных технологий в стране наблюдается расхождение политических взглядов и социальных ориентаций между различными поколениями. В то время как старшее поколение склоняется к традиционным ценностям, стабильности и усилению роли государства, молодежная сторона нового поколения считает демократические свободы, активную гражданскую позицию и свободное самовыражение через социальные сети важными.

В статье анализируются исторические, социальные и культурные причины межпоколенческих политических различий и рассматривается их влияние на политическую легитимность, гражданское единство и демократические процессы в обществе.

Теоретическая суть исследования – тщательное изучение механизмов формирования и распространения конфликта политических ценностей между поколениями в условиях социальной трансформации казахстанского общества.

Практическая значимость исследования-возможность выявить выявленные закономерности в создании эффективных механизмов установления межпоколенческого диалога в политической сфере, продвижении молодежной политики в государстве и реализации общественных проектов по снижению политической поляризации среди возрастных групп и укреплению социального единства казахстанского общества.

В проведении исследования использовался комплексный вариант методологических подходов, сочетающий качественные и количественные методы. В ходе сбора экспериментальных данных был проведен опрос населения из разных регионов Казахстана в возрасте от 18 до 70 лет, разделенный на три возрастные группы. Проведен фокус-групповые интервью и контент-анализ дискурсов в социальных сетях. Теоретическая база сформирована на основе теории поколений и обзора литературы отечественных и зарубежных ученых по политической культуре и темпам изменения ценностей. Изучены с помощью программ SPSS и Excel по обработке статистических данных.

Ключевые слова: политические ценности, межпоколенческий конфликт, политическая культура, молодежь, старшее поколение, демократия, гражданская позиция, Казахстан, социальная трансформация, общественное согласие.

R.O. Dildakhmet, B.K. Rakhimbekova

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: rahimbekovabakyt@gmail.com, raimchamp@gmail.com)*

Conflict of political values between generations in the Republic of Kazakhstan: an empirical study

Abstract. This article examines the problem of intergenerational conflict of political values in the Republic of Kazakhstan. Against the background of globalization, digitalization and the rapid development of information technology in the country, there is a divergence of political views and social orientations between different generations. While the older generation tends towards traditional values, stability, and strengthening the role of the state, the younger side of the new generation considers democratic freedoms, active citizenship, and free expression through social media important.

The article analyzes the historical, social, and cultural causes of intergenerational political differences and examines their impact on political legitimacy, civic unity, and democratic processes in society.

The theoretical essence of the research is a thorough study of the mechanisms of formation and spread of conflict of political values between generations in the context of social transformation of Kazakh society.

The practical significance of the study is the opportunity to identify the identified patterns in creating effective mechanisms for establishing intergenerational dialogue in the political sphere, promoting youth policy in the state and implementing public projects to reduce political polarization among age groups and strengthen the social unity of Kazakh society.

The study used a comprehensive version of methodological approaches combining qualitative and quantitative methods. During the collection of experimental data, a survey of the population from different regions of Kazakhstan aged 18 to 70 years was conducted, divided into three age groups. A focus group interviews and content analysis of discourses on social networks was conducted. The theoretical framework is based on the theory of generations and a review of the literature of domestic and foreign scientists on political culture and the pace of value change. Studied using SPSS and Excel programs for statistical data processing.

Keywords: political values, intergenerational conflict, political culture, youth, older generation, democracy, civic position, Kazakhstan, social transformation, social harmony.

References

1. Mannheim, K. (1928) "Das Problem der Generationen", Kölner Vierteljahrshefte für Soziologie, 7, 2, ss. 157–185.
2. Almond, G.A. (1963) The Civic Culture: Political Attitudes and Democracy in Five Nations. Princeton: Princeton University Press, p. 574.
3. Howe, N. (1991) Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069. New York: William Morrow and Company, p. 538.
4. Lipset, S.M. (1960) Political Man: The Social Bases of Politics. New York: Doubleday, p. 432
5. Inglehart, R. (2018) Cultural Evolution: People's Motivations are Changing, and Reshaping the World. Cambridge: Cambridge University Press, p. 273.
6. Castells, M. (1997) The Power of Identity. Oxford: Blackwell Publishers, p. 538.
7. Huntington, S.P. (1968) Political Order in Changing Societies. New Haven: Yale University Press, p. 488.
8. Habermas, J. (1962) Strukturwandel der Öffentlichkeit: Untersuchungen zu einer Kategorie der bürgerlichen Gesellschaft. Neuwied: Luchterhand, s. 391.
9. Svistunov, A.A. (2025) «Politicheskaja socializacija molodezhi v uslovijah cifrovizacii: k postanovke issledovatel'skoj zadachi / A. A. Svistunov», Vestnik Rossijskogo universiteta družby narodov. Serija: Sociologija, 25, 2, str. 287-295. [in Russian]
10. Norris, P. (1999) Critical Citizens: Global Support for Democratic Government. Oxford: Oxford University Press, p. 303.
11. Nazarbaev, N.A. (1999) Tarih tolkynynda. Astana: Elorda, b. 296. [in Kazakh]
12. Tolen, Zh.M. (2020) «Kazakstandagy zhastardyn sajasi madenietinin kalyptasu ereksheligi», Abaj atyndagy KazUPU-nin Habarshysy. Aleumettanu zhane sajasattanu serijasy, 3 (71), bb. 7-17. [in Kazakh]
13. Tolen, Z.M. (2023) «Kazakstandagy zhastardyn sajasi katysuyndagy zhana medianyn roli», EUU habarshysy. Sajasattanu serijasy, 1, bb. 28–37. [in Kazakh]
14. Tukymov, E. (2024) «Modernizacijalyk uderister men kundylyktardyn ozgeruinin ozara aser etu faktorlary: sheteldik zhane kazakstandyk tazhiribeni taldaу», Kogam zhane dauir, 4 (84), bb. 76-91. [in Kazakh]
15. Gofman, A.B. (2018) Sovremennaja politicheskaja kul'tura: rossijskaja specifika. Moskva: Aspekt Press, s. 256. [in Russian]
16. Kazakstandyk kundylyktardyn (2022) kalyptasu erekshelikteri. Zhastar komiteti. Nur-Sultan, b. 62. [in Kazakh]

17. Cammaerts, B. (2016) Youth Participation in Democratic Life: Stories of Hope and Disillusion. London: Palgrave Macmillan, p. 237.

18. Understanding young (2022) people's political participation. European Youth Forum. Brussels, p. 36.

Авторлар туралы мәлімет:

Ділдахмет Р.Ө. – PhD докторант, Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы, Философия және саясаттану факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Рахимбекова Б.К. – тарих ғылымдарының кандидаты, Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының доценті м.а., Философия және саясаттану факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Дильдахмет Р.У. – PhD докторант, Кафедра политологии и политических технологии, Факультет философии и политологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Рахимбекова Б.К. – кандидат исторических наук, и.о. доцента кафедры политологии и политических технологий, Факультет философии и политологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Dildakhmet R.O. – PhD student, Department of Political Science and Political Technologies, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Rakhimbekova B.K. – Candidate of Historical Sciences, Acting Associate Professor of the Department of Political Science and Political Technologies, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).